

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

## «ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» МАМАНДЫҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ

**АХМЕТОВА А.А.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының магистранты

Ғылыми жетекшісі: Сламбекова Т.С., п.ғ.к., профессор м.а.

Бүгінгі таңда ғылымның, техниканың қарқынды дамуына байланысты біздің елімізде мамандықтар көптеп саналады. Мамандық – белгілі даярлықты қажет ететін іс-әрекеттің түрі, тіршілік көзі, ол белгілі адамға тиесілі білім, іскерлік және дағды жүйесі ретінде де сипатталады.

Ғалымдар мамандықтарды белгілі бір белгілеріне қарай бірнеше типтерге жүйелеген, мәселен А.Н.Леонтьев мамандықтарды биномикалық (табиғат); техномикалық (техника); сигномикалық (белгілер); артономикалық (көркемдік бейнелер); социномикалық (адамдардың бірлесіп әрекет етуі немесе өзара қатынасы) деп бөлсе, Е.А.Климов мына тұрғыда кәсіби іс-әрекеттің 5 схемасын ұсынады: «Адам – Табиғат» (агроном, зоотехник, ветеринар, микробиолог, биолог, эколог ...); «Адам – Техника» (слесарь, техник-механик, техник-технолог, инженер-электрик, электрослесарь); «Адам – Белгі» (программист, математик, картограф, т.б.); «Адам – Көркемдік бейне» (суретші, балет артисі, актер, архитектор, скульптор, журналист); «Адам – Адам» (дәрігер, мұғалім, заң қызметкері, әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік педагог, сатушы, шаштараз т.б.) [1].

Олай болса, бүгінде Қазақстандық жоғары оқу орындарында даярланып жатқан «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы адаммен (баламен) тікелей жұмыс жасайтындықтан социномикалық немесе «Адам – Адам» типіне жатқызылады.

Әлеуметтік жұмыс әмбебап қызмет түрі болып табылады. Ол маманнан әртүрлі аумақтағы білімді және оны практикада қолдана алуды талап етеді. Сондықтан біліктілік туралы анықтамада әлеуметтік қызметкерге кең ауқымды қызметтік міндеттемелердің тізімі берілген. Әлеуметтік қызметкер төмендегі міндеттерді атқарады:

- әлеуметтік-медициналық, құқықтық, психология-педагогикалық, материалдық және тағы да басқа көмекті қажетсінетін жеке тұлға мен отбасын айқындайды;
- оларда пайда болған қиыншылықтардың, конфликттік жағдайлардың (жұмыс, оқу орындары бойынша, отбасы және тағы да басқалары) себебін табады, осы қиыншылықтармен конфликттердің шешімін табуға әрекеттеседі;
- көмекті қажетсінетін халық топтарына қажетті әлеуметтік-экономикалық қолдауды әртүрлі қоғамдық және мемлекеттік ұйым және ұжым қызметтерімен бірлесе әрекеттеседі;
- отбасын тәрбиелеуге ер жеткен балалары бар әйелдердің жұмысқа орналасуы туралы, мүгедектерге, зейнеткерлерге еңбектік шарт жасасуға көмектеседі;
- отбасы және неке сұрақтары бойынша психология-педагогикалық және құқықтық кеңес, асоциалды мінез-құлықты ер жетпеген балалармен тәрбиелік жұмыс өткізеді;
- қамқорлықты қажетсінетін балаларға және егде адамдарға емдік-тәрбие мекемелеріне орналастыруға, материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және тағы да басқа көмекті көрсетіп айқындайды және жәрдемдеседі. Ер жетпеген құқық бұзушыларға қоғамдық қорғауды ұйымдастырады, сотта олардың қоғамдық қорғаушысы ретінде қатысады;
- әлеуметтік көмек орталықтарын құру жұмыстарына (асырап алу, қамқорлық көрсету, әлеуметтік сауықтыру, жастар, жасөспірімдер, балалар және отбасы орталықтары, қызығушылықтары бойынша бірлескен клуб және ассоциациясы және тағы да басқалары) қатысады.

Әлеуметтік жұмыстың негізгі *функцияларына* мыналар жатады: әлеуметтік диагностика, болжау, ескерту-сақтандыру, құқық қорғау, әлеуметтік-педагогикалық,

психологиялық, әлеуметтік-медициналық, қарым-қатынас, тұрмыстық, адамгершілік, ұйымдастырушылық.

Егер, әлеуметтік қызметкер тиісті кең ауқымды білімді және іскерлікті иемденсе, онда ол осы айтылған міндеттерді және функцияларды жүзеге асыра алады.

Әлеуметтік қызметкер біліктілігіне төмендегі міндеттер кіреді:

- әртүрлі әлеуметтік ортада жұмыстың ерекшелігін білу;
- алдыңғы қатарлы отандық және шетелдердегі әлеуметтік-мәдени
- қызметтің әдістерін қолдана білу;
- жеке тұлға мен шағын орта, бала мен егде адам, отбасы мен қоғам
- арасында байланыс орната білу;
- клиентке әлеуметтік мағыналы қызметті орындауға ынталандыруға,
- шағын топтағы жағдайға және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа әсер ете алу;
- клиенттің белсенді өмір бағытын және ынтасының пайда болуына
- мүмкіндік туғызу, формалды емес қарым-қатынас жағдайында жұмыс істей алуы керек;
- негізгі психикалық функциялардың және олардың физиологиялық
- механизмдерін психикасының қалыптасуына табиғи және әлеуметтік факторлардың байланыстыру, қажеттілік және мотив, эмоция және еріктің, адамның мінез-құлқындағы сансыз механизмдердің мағынасын түсіне алуы қажет;
- әлеуметтік талдау негіздерін білуі керек;
- жалпы педагогика негіздерін және оның арнайы бөлімдерін білуі керек;
- тәрбиелік жұмыстың және білім берудің әдістері және формаларын
- қолдана білуі тиіс;
- отбасы және тұрмыс тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктерін, аймақтардың
- халықтардың дәстүрін біліп, оны әлеуметтік қызметте қолдана алуы қажет;
- ана және баланы қорғау, жасөспірім, зейнеткер, мүгедектердің
- құқықтарын басқаратын және оны әлеуметтік қорғаумен қамтамасыздандыратын отбасы, еңбектік, тұрмыстық заңдылықтардың нормаларын білу керек;
- қылмыстық және азаматтық құқық негіздерін білу;
- қамқорлық, асырап алушылық, ата-аналық құқықтан айыру, арнайы
- оқу-тәрбие мекемелеріне бағыттың тәртібін және ұйымдастыруын білу;
- әлеуметтік-медициналық жұмысты, салауатты өмір салтын
- насихаттауды ұйымдастыру;
- әртүрлі кәсіби қызмет объектілеріне ұйымдастыру, басқарушылық,
- зерттеу-талдау, ғылыми-педагогикалық және қолданбалы қызметті жүзеге асыруды білу керек;
- бірінші медициналық көмекті көрсете алуы керек.
- Ал, білім беру мекемесіндегі әлеуметтік педагогтың *кәсіби іс-әрекетінің саласы* жалпы білім беретін ұйымдарда, арнайы (түзетуші) білім ұйымдарында, пенициатрлық типтегі мекемелерде, сауықтыру орталықтарында балалар мен оқушы жастарды әлеуметтендіру және тұлғалық дамыту процесі табылады.

Кәсіби іс-әрекеттің объектісі: мемлекеттік құрылымдар (ҚРБҒМ

балалар құқығын қорғау Комитеті), әлеуметтік бағыттағы мекемелер (әлеуметтік қамтамасыздандыру, жұмыссыздарға, жағдайы жоқтарға, еңбекке жарамсыздарға, еңбек ету мүмкіндігі шектеулілерге, қарт-қарияларға қолдау көрсету мен көмектесу органдары); мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелері (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, мектептер, балалар үйі, интернаттар, арнайы білім беру мекемелері); қоғамдық ортада өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен дамыту проблемаларымен айналысатын мекемелер (түземе және ақтау орталықтары, арнайы мектептер, колониялар); балалардың бос

уақыттарын ұйымдастырумен және балалар шығармашылығын қолдаумен, өскелең ұрпақтың толыққанды әлеуметтенуімен және тұлғалық дамуымен айналысатын мекемелер (қоғамдық ұйымдар, балалар клубы, студиялар, сауықтыру лагері).

Кәсіби іс-әрекет пәні: балалар мен оқушы жастардың әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуы, оның құндылық-мақсаттық бағдарлары, міндеттері, мазмұны, әдістері, формалары мен нәтижелері бірлігіндегі толыққанды процесі; жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарындағы түземе-педагогикалық және тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру; балалар мен оқушы жастардың толыққанды әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуының әлеуметтік мүмкіндіктерін зерттеу; өскелең ұрпақтың әлеуметтік және тұлғалық дамуында барынша жан-жақты қолдау көрсету табылады.

Кәсіби іс-әрекет түрлері:

- *әлеуметтік-педагогикалық* – жергілікті халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне: мүмкіндігі шектеулі адамдарға, оралман отбасыларына, әлеуметтік жайсыз отбасыларына гуманитарлық-әлеуметтік қолдау көрсету; олардың толыққанды өмір сүруіне арналған жағымды жағдайлар құруға көмектесу;
- *оқу-тәрбиелік* – балалардың, жеткіншектер мен жастардың әлеуметтенуі және тұлғалық дамуы; тәрбиелеу және оқыту үдерістерін ұйымдастыру, педагогикалық үдерісті басқару; педагогикалық іс-әрекет нәтижелерінің диагностикасы, түземесі, болжамы; әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану саласындағы озық жаңа тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, тарату.
- *мәдени-ағартушылық* – кино, театр, көркемдік-бейнелеу өнері, музыка саласындағы балалардың, жеткіншектер мен жастардың мәдени уақытын өткізу жұмыстарын ұйымдастыру; мәдениет саласындағы ағарту жұмыстарының бағдарламасын, әдістемесі мен технологияларын жасау; мәдени-бос уақытын өткізу орталықтарын ұйымдастыру; топтардың, индивидтердің әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерін қоғамдық практикада қалыптасқан әлеуметтік нормаларымен, дәстүрлерімен, құндылықтармен реттеу.
- *ұйымдастырушылық-әдістемелік* – орталықтар мен әлеуметтік қызмет көрсету органдарын құру, әлеуметтік жұмыс тәжірибесін зерттеу, қорыту, тарату; жергілікті халық арасынан заң шығарушы және басқа да құқық актітерін зерттеуді ұйымдастыру.
- *жарнамалық-насихаттаушылық* – әлеуметтік маңызды идеяларды, дәстүрлерді қолдау, дамыту және жалғастыру; әлеуметтік қызмет көрсету жарнамаларын ұйымдастыру; әлеуметтік жауапкершілік, қоғамға қызмет көрсету идеяларын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау.
- *ғылыми-зерттеу* – өскелең ұрпақтың өзін-өзі тануына, өзін-өзі іске асыруына көмектесу, әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің көмегіне зәру балаларды, жеткіншектер мен жастарды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және олардың дамуын түзеу үдерісінің ерекшеліктерін зерттеу.
- *аниматорлық* – әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қорғауға септігін тигізу бойынша нақты әлеуметтік модельдерді құру, жалпы білім беретін және арнайы (түземе) білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне әлеуметтік-гуманитарлық білімдерді ендіру.

Кәсіби іс-әрекеттің атқаратын қызметтері: ұйымдастырушылық; болжау; ескертушілік-профильдік; әлеуметтік-терапевттік; ұйымдастырушылық-коммуникативтік; қорғау.

Кәсіби іс-әрекеттің мазмұны

Балалардың, жеткіншектер мен жастардың толыққанды әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуына бағытталған әр түрлі типтегі білім беру-тәрбиелеу мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық қызмет; қоғамда әлеуметтік жауапкершілік және халыққа қызмет ету құндылықтарының бекуіне септігін тигізу [2].

5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бакалаврының түйінді құзыреттілігіне қойылатын талаптар.

Түйінді құзыреттіліктері:

*білуі тиіс:*

- ҚР «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау туралы» заңдарын, БҰҰ баланың құқы туралы конвенциясын, Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының негіздерін;

- әлеуметтік педагогика және өзін-өзі танудың, арнайы (түземе) педагогиканың, этнопедагогиканың әдіснамалық негіздері және ұғымдары; өскелең ұрпақты дамытудың жас шамасының, анатомиялық-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін; балалардың, жеткіншектер мен жастардың әлеуметтік және тұлғалық даму заңдылықтарын;

- көпмәдениетті қоғамда әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың теориялық негіздерін: мәдениеттің көптүрлілігі, діндер, этностар, әлеуметтік топтар;

- психологиялық диагностиканың ғылыми-теориялық негіздерін; жайсыз отбасындағы, оралмандар отбасындағы балалар дамуының, педагогикалық қараусыз қалған балалар мен жеткіншектердің, кәмелетке жетпеген қылмыскерлердің, жетім балалардың, зорлық-зомбылыққа ұшырағандардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін;

- жергілікті халықтың әлсіз бөліктеріне әлеуметтік көмек көрсету мен әлеуметтік қолдау модельдерін жасаудың теориялық негіздерін және оларды жүзеге асыру технологияларын;

- гуманистік принциптер негізінде балалардың, жеткіншектер мен жастардың қызығушылығын қорғау бойынша ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-әрекеттердің мәнін және мазмұнын;

- жергілікті халықтың әр түрлі категорияларына әлеуметтік-педагогикалық көмекті ұйымдастырудың халықаралық және отандық тәжірибесін;

- түземе-педагогикалық процеске ата-аналар қоғамын тартудың жаңа формалары мен әдістерін.

*жасай білуі тиіс:*

- үздіксіз білім беру жүйесінде балалардың, жеткіншектер мен жастардың толыққанды әлеуметтенуі мен тұлғалық сапасының дамуын қамтамасыздандыруды;

- түземе-тәрбиелік процессті жобалауды, педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін жоспарлауды, ұйымдастыруды, өлшеуді және болжауды;

- мәдени-бос уақыт орталықтарын ұйымдастыруды; кино, театр, көркемдік-бейнелеу өнері, музыка саласындағы балалардың, жеткіншектердің және жастардың мәдени уақытын өткізу жұмыстарын ұйымдастыруды; мәдениет саласындағы ағарту жұмыстарының бағдарламасын, әдістемесі мен технологияларын жасауды;

- жекелік тұрғыда денсаулығының жағдайы мен дамуын есепке алу негізінде әрбір индивидтің бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын айқындауды және дамытуды;

- педагогикалық процеске жаңалық енгізу нәтижелеріне талдау жасауды және бағалауды; өзінің авторлық педагогикалық, түземелік технологияларын енгізуді;

- әлеуметтік жауапкершілік және халыққа қызмет ету құндылықтарын қоғамда бекітуге септігін тигізуді.

*дағдыларының болуы тиіс:*

- компьютерлік сауаттылық, тілін жәнге сөйлеуін дамыту, балалар мен жеткіншектермен қарым-қатынас жасауды ұйымдастыру, сынмен қарау және шығармашылық ойлау, біртұтас педагогикалық процессте жаңа технологияларды қолдану;

- әлеуметтік және өндірістік жүйелердегі адамдармен іскерлік қарым-қатынас жасау;

- тұлғалық-бағытталған оқыту мен тәрбиелеу жағдайларында субъекттер қарым-қатынасының үштік (бала – ата-ана – әлеуметтік педагог) педагогикалық серіктестігін ұйымдастыру;

- әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық түземе жұмыстарына талдау жасау және оларды бағдарламалау;

- белгісіздік жағдайлардағы кәсіби-педагогикалық және тұлғалық проблемаларды шешу;

- рефлексия, өзін-өзі бақылау мен түземе процесін және педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін жүзеге асыру.

*құзыреттілігі болуы тиіс:*

- балалардың, жеткіншектер мен жастардың түйінді құзыреттілігін (мінез-құлықтық, жалпымәдени, танымдық, коммуникативтік, тұлғалық) қалыптастыруда;

- балалардың, жеткіншектер мен жастардың шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын айқындау мен дамытуда;

- ақпараттық және жаңа педагогикалық технологияларда;

- әр түрлі ақпараттық дерекнамалардан білім алудың тәсілдерін игеруге негізделген жеке танымдық қызмет аясында, проблемаларды альтернативтік тұрғыда шешуде және оңтайлы таңдауды жүзеге асыруда;

- еңбек нарқында жағдайларды талдау іскерлігіне негізделген әлеуметтік-еңбек іс-әрекеттері аясында, өзінің кәсіптік мүмкіндіктерін бағалау, еңбекке өзара қарым-қатынастарында нормаларға және этикаға сүйенуде;

- салауатты өмір салтын, жеке денсаулығын қамтитын тұрмыстық салада [2].

Сонымен, егер болашақ маман ең алдымен «Өзінің кім, демек қандай маман иесі болатындығын саналы түрде қабылдаса, мамандығының ерекшелігін меңгерсе, мемлекетіміздің оған артқан жауапкершілігін сезінсе, оны орындауға бағыт-бағдар алса, онда ол маман кәсіби функционалды тұрғыда сауатты болмақ. Өйткені, кәсіби сауаттылық – тіршілікте жинақталған білімді, іскерлікті, дағдыны адами іс-әрекеттің әртүрлі сферасында, қарым-қатынаста, қоғамдық қатынаста кең көлемдегі маңызды өмірлік міндеттерді шешу қабілеті, сауаттылық компоненттерінің кеңеюі мәселен, білім, іскерлік, дағды, іс-әрекет тәсілдері, мінез-құлықтық пен дүниеге көзқарастық сапалар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сламбекова Т.С. Педагогикалық психология. Оқу құралы. Семей, 2009, 182 бет.
2. ҚРМЖМБС Жоғары білім. Бакалавриат, мамандығы 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» 6.08.058 – 2010
3. 2012-2016 ж. аралығында мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары, 25 маусым, 2012 ж..

**УДК 796.038**

### **РОЛЬ СПОРТИВНОЙ КАФЕДРЫ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ**

**Ахметов Ислам Асланович**

Islam\_4499@mail.ru

студент 3 курса специальности физическая культура и спорт

ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Научный руководитель: Испандиярова А.М.

Кафедра является учебно-научным структурным подразделением высшего учебного заведения и осуществляет учебную, методическую, научную, физкультурно-оздоровительную, спортивную, пропагандистско-идеологическую и воспитательную работу. Деятельность кафедры направлена на формирование у студентов теоретических знаний в области физической культуры и спорта, внедрение здорового образа жизни, укрепление здоровья средствами физической культуры и спорта, совершенствование двигательных умений и навыков, воспитание высокого уровня физической культуры и моральных качеств.

Основной формой учебного процесса по физическому воспитанию в высшем учебном заведении являются учебные занятия, которые проводятся в соответствии с учебной